

# Университеттің ақпараттық жүйесін модельдеу



- ▶ Ғылымға, экономикаға, өндіріске ақпараттық процестерді енгізу ісін жоғары қарқынмен жүргізу үшін қазіргі ақпараттық технологияларға негізделген білім жүйесінің жаңа моделін құру қажет. Адамның өз шығармашылық потенциалын толық аша алатындай, өз мүмкіндіктерін дамытып, өз білімін үздіксіз шыңдай алатындай жағдай жасалуы тиіс.



- ▶ Кез келген оқыту түрінің, оның ішінде қашықтан оқыту ісінің тиімділігі мынадай факторларға тығыз байланысты болады, олар: оқуды ұйымдастыру технологиясы, оның техникалық базасы, жасалған әдістемелік материалдардың тиімділігі Осындайда атқарылып жатқан жұмыстар бұрында да болған сияқты болып көрінеді. Әрине, автоматтандырылған оқыту түрі де осылай басталған. Автоматтандырылған оқыту ісіндегі теориялық бастамаларды қазіргі кездегі компьютерлік оқыту тәсілдерінде де қолдану қажет, бірақ мұнда техника мен телекоммуникациялық байланыстардың жаңа дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алып отыру керек.







- ▶ Осындай кезде мамандар даярлаудағы алғашқы сатыға олардың өздігінен білім алуына бағытталған шараларды ұйымдастыру ісі шығады. Қазіргі технологияларды білімжүйесіне енгізгенде, оқыту материалдарының педагогикалық мазмұндылығы мен әркімнің өздігінен оқып үйренуіне жағдай жасаудың маңызы зор. Мұндағы айтып отырғанымыз — оқытуға арналған материалдың мазмұның таңдау ғана емес, оқытылатын материалдың құрылымдық жағынан ұйымдастырылуы; оқытуға автоматтандырылған оқыту программаларын енгізу ғана емес, интерактивті ақпараттық орта жасау және барлық танымдық процестердің өзара байланысын, біртұтас қызмет істеуі және соларды басқара білу болып табылады.




- ▶ Қазіргі уақытта информатиканың негізгі ғылыми бағыттарының бірі модельдеу болып отыр.
- ▶ Информатика пәні информатиканың негізгі компоненттерінің: есептеуіш техникасы, программалық жабдықтау, алгоритмдік құралдардың дамуын бейнелейтін модельдеу методологиясына негізделеді. Модельдеу методологиясы компьютер көмегімен іздеу және болжау ғылыми зерттеулердің осы күнгі жаңа методологиясы бола отырып информатиканы ғылым, "технологиялар қосындысы" және адам қызметінің саласы ретінде санауға мүмкіндік береді. ЭЕМ-ді көрсетілген салаларда пайдалану негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының жаңа технологиясы болып табылатын модельдеу жатыр.









Назарларыңыз үшін  
рахмет